

Келісемін:
Мектеп директоры:  А. Тулегенов

Бекітемін:
«Қамқоршылық кеңес» төрағасы:  С. Маймакова

«Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебі» 2023-2024 оқу жылына арналған
«Қамқоршылық кеңес» мүшелерінің отырыс жоспары

№	Комиссия мүшелерінің отырысы	Мерзімі	Жауаптылар
1	III отырыс Күн тәртібінде 1. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту (өзгерген жағдайда) 2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру бекітуге ұсыну 3. «Мектепке жол» акциясының өткізілуі 4. 2023-2024 оқу жылында арнайы санаттағы және бастауыш сынып оқушыларын мектеп асханасында тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	IV отырыс Күн тәртібінде 1. Бюджет тарапынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы мектеп директорының есебі 2. Желтоқсан айында өткізілетін мерекелік шараларды ұйымдастыру. 3. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларды Президенттік, облыстық, қалалық шыршаларға жіберуге тізім жасақтау	желтоқсан	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	I отырыс Күн тәртібінде 1. Әлеуметтік қорғалмаған, білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету 2. Наурыз айында өткізілген мерекелік шаралардың ұйымдастырылуы 3. Қайырымдылық акциялары, қайырымдылық көмектен түсетін түсімдердің есебі	наурыз	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері
4	II отырыс Күн тәртібінде 1. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция 2. Оқушылардың жазғы демалысын және мектеп жанындағы ойын алаңын ұйымдастыру 3. Бюджет тарапынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы мектеп директорының есебі	мамыр	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері

Ақтобе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің қамқоршылық кеңес отырысы

Хаттама №3

05.09.2023 ж.

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі
Мектеп басшысы : Тулегенов А.
ДТІЖО: Берғалиева Ф.
Әлеуметтік педагог : Капуова А.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту (өзгерген жағдайда)
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну
3. Мектепке жол акциясының өткізілуі,
4. 2023-2024 оқу жылында арнайы санаттағы және 1-4 класс оқушыларын мектеп асханасында тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы

Тыңдалды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 бұйрығы Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидалары негізінде биылғы оқу жылынан бастап келген жаңа басшымыз Тулегенов Алибек Абилкайровичке сөз кезегі берілді. Қамқоршылық кеңестің жұмысына сәттілік тілеп, алдағы уақытта бірігіп жұмыс жасайтындарына сенім білдірді.

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы С.Маймакова білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің қорытындысымен таныстырды. Қамқоршылық кеңес мүшелері өзгеріссіз қалды.

Жаңа оқу жылына арналған жоспарды талқылап, қамқоршылық кеңес мүшелері өз сұрақтарын ұсынды. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында ең бірінші оқушыларды үйірме спорт секцияларымен қамту, құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында рейд жұмыстарын ұйымдастыру, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету, бюджеттен бөлінген қаражаттың жұмсалуды іс-шараларды ұйымдастыру көмек көрсету мәселелері айтылды. Жұмыс жоспары құрылып бекітуге ұсынылды.

Тыңдалды: әлеуметтік педагог А.Капуова

Ақтобе қаласының №4 жалпы орта білім беретін мектебінде «Мектепке жол» республикалық акциясын қарқынды түрде ұйымдастырып келеді. Қайырымдылық акциясының негізгі мақсаты: жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді дарыту. Қайырымдылық - көмекті қажет етушілерге білдіретін сүйіспеншілік пен нақты көмек болып табылады.

№4 жалпы білім беретін орта мектебінде 2023-2024 оқу жылында "Мектепке жол" қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Акцияға мектептегі әлеуметтік жағдайы нашар, жетім және ата-анасының қамқорынсыз қалған, аз қамтылған отбасы балалары, көпбалалы отбасы балалары есепке алынды. Республикалық қайырымдылық акциясына демеушілер белсенділік танытты. Сонымен қатар жақсылық жасауға жаны құмар Утеулиев Амангелды, Абдрахманов Асқарбек, Ашитурлиев Сандыбай, Ақтобе гарнизонының әскери полиция бөлімі ұжымы, жеке кәсіпкер - Оспанов Мереке Оспанұлы секілді қолы жомарт, ізгілікті игі еткен, имандылықты түйме еткен ағаларымыз демеушілік танытып, көп балалы отбасыдан шыққан және жалғыз басты ана тәрбиелеп отырған оқушыларға 500 000 теңге көлемінде көмек көрсетті.

Көмек берілген оқушылар:

- 1) Соколов Искандер 1а сынып оқушысы
- 2) Сатыбалды Нұрислам 1 ә сынып оқушысы
- 3) Хайруллин Алдияр 2а сынып оқушысы
- 4) Дүйсенбаев Еркәнат 3а сынып оқушысы
- 5) Сәбит Әмір 4а сынып оқушысы
- 6) Келдібаева Жанерке 5а сынып оқушысы
- 7) Төлеген Ақбаян 6а сынып оқушысы

- 8) Цыганков Петр 7б сынып оқушысы
- 9) Стовбун Артем 7б оқушысы
- 10) Болат Нұрасыл 8а сынып оқушысы

Аталған оқушыларға мектеп формасы мен сөмке, аяккиім және оқу құралдарымен көмек көрсетілді.«LONDON» оқу орталығы аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға ағылшын тілін тегін оқу үшін арнайы сертификат табыстады.

Тыңдалды:

Ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны –207 . Оның ішінде 1-4 сынып оқушылары – 100 % ыстық тамақпен қамтылды. 2023-2024 оқу жылында 1- 4 бастауыш сынып оқушылары мемлекет тарапынан тегін тамақтанады.



5-11 сынып аралығынан - мемлекеттік атаулы көмек алатын аз қамтылған отбасынан шыққан, жетім немесе ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Бір реттік ыстық тамақтың құны 507 теңгені құрайды. Мектептің медицина қызметкері тамақ өнімдеріне сертификаттардың болуын, дайындалған тағамдардың сапасын, сақтау мерзімдері мен шарттарының, дайын тағамдардың болуын, сақталуын, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық мәзірге сәйкестігін, асхананың санитарлық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады. Асхананың санитарлық-гигиеналық тазалығы, ас сапасы және асхана кезекшілігінің дұрыс атқарылуы бойынша бұйрықпен бекітіліп, ай сайын комиссия мүшелері тексеру жүргізіп отырады. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту жұмысында мемлекеттік қызмет көрсету стандартының талаптары толықтай орындалуда.


Қаулы:

1. ҚК құрамы өзгеріссіз қалдырылсын
- 2..Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспары бекітіліп, отырыс сұрақтары мерзімге сай орындалсын.
- 3..Көмекті қажет ететін оқушыларға мектепке жол акциясы арқылы көмек берілсін.
4. 2023-2024 оқу жылында арнайы санаттағы және 1- 4 класс оқушылары ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

1. Кеңес төрағасы
2. Кеңес төрағасының орынбасары
3. Кеңес хатшысы
- Кеңес мүшелері:
4. Кеңес мүшесі:
5. Кеңес мүшесі:
6. Кеңес мүшесі:
7. Кеңес мүшесі:
8. Кеңес мүшесі:
9. Кеңес мүшесі:


 С.Маймакова

 Г.У.Карабалина

 Н.Мырзалиева

 А.Қаратаев

 А.Чайкин

 Л.Адилшинова

 Ж.Камбаров

 А.Абдрахманов

 Ж.Сальжанова

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің қамқоршылық кеңес отырысы

Хаттама №4

19.12.2023 ж.

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі
Мектеп басшысы : Тулегенов А..
ДТЖО: Қойшыбаев Қ.
Әлеуметтік педагог :Капуова А.

Күн тәртібінде:

1. Бюджет тарапынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы мектеп басшысының есебі
2. Желтоқсан айында өткізілетін мерекелік шараларды ұйымдастыру.
3. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларды Президенттік , облыстық, қалалық шыршаларға жіберуге тізім жасақтау туралы.

Шығып сөйледі: мектеп басшысы А.Тулегенов кеңес құрамының жұмысын бастауына сәттілік тілей отырып, осы мүшелердің мектеппен үнемі тығыз байланыста болып мектептің нығайтуына өз үлестерін қосатынына сенім білдірді.

Тыңдалды: Мектеп басшысы А.Тулегенов бюджет тарапынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы тоқталып өтті.

- Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуына – 8 542 187. 20 тг
- Қала сыртындағы лагерь – 336 000тг.
- Ағымдағы жөндеу жұмыстарына - 427 756 тг.
- 2 шт Футбол, 2 1 шт баскетбол добы, 3 шт волейболға арналған доптар - 86 550 тг..
- Видеорегистратор, бейнебақылау камерасы ішкі-8 шт, сырты – 4 штук – 309 400 тг.
- Жаңа жылдық шырша – 144 144 тг.
- **Жылу құбырын жөндеуге - 457 721 тг.,**
- Ту – 39 000 тг.
- Проектор – 552 160 тг.
- Тақта - 108 000 тг.
- Мақтау қағазы – 16 000 тг.

Барлығы 10 721 518 теңге ақша жұмсалды.

Тыңдалды: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Қойшыбаев

Желтоқсан айында өткізілетін мерекелерге байланысты арнайы құрылған жоспармен таныстырды. Ең бірінші ҚР Тәуелсіздігіне орай оқушылар тәрбие сағаттары, Желтоқсан оқиғасының куәгерлері «Желтоқсан алауы» қоғамдық бірлестігінің мүшелерімен кездесу өткізілді. Сонымен қатар жаңа жыл мерекесіне орай 1-4 класс оқушыларына және 5-11 класс оқушыларына ертеңгіліктер ұйымдастырылып, кесте бойынша «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты шара жоспарлануда. Мереке күндері және демалыс уақытындағы қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілгендігін атап өтті.

Тыңдалды: Мектептің әлеуметтік педагогы А.Капуова сөз сөйледі.

Мектептегі аз қамтылған, көп балалы, жетім оқушылар туралы ақпаратқа тоқталып өтті. Барлығы мектеп бойынша 18 - аз қамтылған, 52-көп балалы, 2 жетім, 117 толық емес отбасы бар. Осы оқушылардың ішінен жағдайы төмен оқушылар таңдалып, ұсынылды. Қамқоршылық кеңес төрағасы берілген оқушылардың жағдайымен танысып, тізім жасақталды. Демеушілерге сұраныс хаттар жолданып, оқушыларға сыйлықтар табыстау жұмыстарына дайындықтар жүргізілуде.

Қаулы:

1. Бюджеттен бөлінген қаражаттың жұмсалуды қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Желтоқсан айында ұйымдастырылатын іс шаралар уақытылы өткізілуі қадағалансын.
3. Жасақталған тізім бойынша оқушылар шыршаларға жіберілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

С.Маймакова

Кеңес мүшесі:

Н.Мырзалиева

Кеңес мүшесі:

А.Қаратаев

Кеңес мүшесі:

А.Чайкин

Кеңес мүшесі:

Л.Адильшинова

Кеңес мүшесі:

Ж.Камбаров

Кеңес мүшесі:

А.Абдрахманов

Кеңес мүшесі:

Г.Карабалина

Кеңес мүшесі:

Ж.Сальжанова

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің қамқоршылық кеңес отырысы
Хаттама №1 **27.03.2024 ж.**

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі
Мектеп басшысы : А.Тулегенов
ДТЖО: Берғалиева Ф.
Әлеуметтік педагог :А.Нұркенқызы

Күн тәртібінде:

- 1.Әлеуметтік қорғалмаған, білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету
- 2.Наурыз айында өткізілген мерекелік шаралардың ұйымдастырылуы
3. Қайырымдылық акциялардың ұйымдастырылуы

Тыңдалды: әлеуметтік педагог А.Нұркенқызы мектептегі көп балалы отбасыдан шыққан 5 «а» класс оқушысы Жанерке 2023-2024 оқу жылында Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша аз қамтылған 18 отбасы бар. Тұрмыстық жағдайын зерделеу мақсатында тұрғын үй актісі жасалды. Тұрмыстық жағдайы орташа. Соның ішінде 5 «А» сынып оқушысы аз қамтылған, көпбалалы отбасыдан шыққан Келдібаева Жанеркеге «ҚЫЗЫЛ АЙ» қоғамының атынан 35 мың ақшалай сертификат берілді. 35 мың ақшалай сертификатқа Жанеркеге қыстық куртка, бас киім, қыстық аяқ киім, бантик, жылы калготки алынды. Көп балалы, аз қамтылған отбасыдан шыққан 10 оқушыға жаңа жылдық көңіл-күй сыйлау, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында жаңа жылдық тәттілер салынған сыйлықтар табысталды.

Сыйлық алған оқушылар:

1. Ермек Исламбек -1 «ә» сынып оқушысы
2. Демеу Қанат-1 «ә» сынып оқушысы
3. Салых Нұрислам -1 «ә» сынып оқушысы
4. Бисен Асылжан- 4 «а» сынып оқушысы
5. Бурин Ержан-5 «б» сынып оқушысы
6. Утенов Бейбарыс -6 «а» сынып оқушысы
7. Кульниязова Нұрай - 7 «а» сынып оқушысы
8. Болат Нұрасыл-8 «а» сынып оқушысы
9. Аймұратов Асылжан- 8 «а» сынып оқушысы
10. Исмаилова Малика- 7 «б» сынып оқушысы

Жұмасұлу Жантлесовна қамқоршылық кеңес мүшесі шығып сөйледі: Жалпы мектеп бойынша өткізілген шараларға қатысып өзім куә болдым. Барлық шаралар балалардың, ата-аналардың және қамқоршылық кеңес мүшелерін мектеп әкімшілігі қалдырмайтынын айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары наурыз айында өткізілген шараларға тоқталды.

Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесіне орай барлық кластарда «Қош келдің, әз-Наурыз!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Наурыз мерекесіне арналған «КҮЙ КҮМБІРІ» атты республикалық домбырашылар челленджі өтіп, Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің ұстаздары мен домбыра үйірмесінің оқушылары қатысып, Құрманғазының "Ерке сылқым" күйін орындады. Мектебіміздің жас мамандары мен оқушыларының ұйымдастыруымен наурыз мерекесіне орай мерекелік коцерт ұйымдастырылды. Сонымен қатар “Ұлттық ойындар - ұлттымыздың құнды мұрасы” атты АСЫҚ АТУ, БЕС АСЫҚ, АРҚАН ТАРТЫС, ГІР ТАСЫН КӨТЕРУ ұлттық ойын түрлерінен сайыс өтіп, төмендегі кластар қатысты.

- ✿ АСЫҚ АТУ ойынына 4,5 класс ер балалары қатысты..
- ✿ АРҚАН ТАРТЫС ойынына 6,7,8 класс оқушылары
- ✿ БЕС АСЫҚ ойынына 6,7,8 класс қыз балалары қатысып, сайыс қортындысы бойынша
- ✿ ГІР ТАСЫН КӨТЕРУ сайысына 9-11 класс оқушылары қатысып, нәтижесінде
- ✿ ҚОЛ КҮРЕС сайыс қортындысы бойынша

Ұлттық ойындарымызды ұлықтауға атсалысып қатысқан оқушыларымызға алғыс білдіреміз. Ұлттық ойындар - ата - бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі жалғастыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз деп сөзін аяқтады.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөйледі.

Өңірімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты зардап шеккен отбасыларға көмек қолын созып, мектебіміздің жас мамандары арнайы эвакуациялық пунктке барып көмек көрсетті. Сонымен қатар 1 «ә» класында оқитын көп балалы отбасыдан шыққан Ермек Исламбекке мектеп ұстаздары және демеуші ата-аналар ақшалай көмек көрсетті. «Мейірім шуағы» еріктілер тобының мүшелері ардагер ұстаздарымызға, 8 наурыз мерекесіне орай өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері **“ГҮЛ СЫЙЛАЙЫҚ ӘЙЕЛГЕ”** атты қоғамдық көліктерде нәзік жанды аруларға сыйлық тарату акциясына қатысты.

Қаулы:

- 1.Әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларға көмек көрсету мақсатында демеушілерді тарту жұмыстары әрі қарай жолғасын тапсын.
2. Наурыз айында өткізілген мерекелік шаралар қанағаттанарлық деп есептелінсін.
3. Қайырымдылық акциялары жыл бойы жүзеге асырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Кеңес мүшесі:
Кеңес мүшесі:
Кеңес мүшесі:
Кеңес мүшесі:
Кеңес мүшесі:
Кеңес мүшесі:
Кеңес мүшесі:

С.Маймакова
Н.Мырзалиева
А.Қаратаев
А.Чайкин
Л.Адильшинова
Ж.Камбаров
А.Абдрахманов
Г.Карабалина
Ж.Сальжанова

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің қамқоршылық кеңес отырысы

Хаттама №2

20.05.2024 ж.

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі
Мектеп басшысы : Тулегенов А.
ДТЖО: Берғалиева Ф.
Әлеуметтік педагог : Нұркенқызы А

Күн тәртібінде:

1. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру, бойынша бірлескен акция
2. Оқушылардың жазғы демалысын және жазғы ойын алаңын ұйымдастыру
3. Жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша мектеп басшысының есебі

Тыңдалды: ДТЖО Ф.Берғалиева мектебімізде өткізілген абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына тоқталып өтті. Мамыр айының басында орта буын оқушылары өз қолдарымен «Құстарға ұя сыйла» экологиялық акциясына қатысып, құстарға ұя жасады. Мектеп түлектері «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «Ағаш отырғызу» республикалық челленджіне қатысты. Бірінші және бесінші класс оқушылары мектептің алдыңғы бөлігіне гүлдер отырғызып абаттандыру жұмысын жүргізсе, «мейірім шуағы» еріктілер тобының оқушылары мектеп ауласына сенбілік жұмыстарын жүргізгізді. Мақсаты: білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды: Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша сәуір айының 15 жұлдызынан бастап оқушыларға және ата-аналарға жазғы мектеп ойын алаңы жұмыс жасайтындығы туралы хабарлама берілді. Қазіргі таңда екі топ, 70 оқушы жиналды. Топ жетекшілері, тәрбиешілер, аға тәлімгер, дене шынықтыру және музыка пәндерінің мұғалімдерінен құрылған топ жасақталып, ойын алаңы бойынша арнайы жұмыс жоспарын құрып бекітті. Арнайы санаттағы оқушыларды қала сыртындағы лагерге жіберу бойынша мектептің әлеуметтік педагогы бірнеше оқушыларды ұсынды. Қазіргі таңда оқушылардың ата - аналары құжаттар дайындау жұмысына кірісті.

Тыңдалды: Мектеп басшысы А.Тулегенов жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша 2024 жылдың қаңтар айы мен мамыр айы аралығындағы жұмсалған қаражатқа тоқталып өтті.

- Ағымдағы жөндеу жұмыстарына – 160 200 тг.;
- Оқушыларға арналған жеке шкафтар 40 штук – 2 497 640 тг.;
- Интерактивтік панель – 2 180 000 тг.;
- Парта 30 штук – 2 067 000 тг.;
- Принтер 6 штук – 346 410 тг.;
- Цифровая камера – 299 990 тг.;
- Оқу кабинеттеріне жалюзи – 777 000
- Оқушыларға шаңғы - 128 000 тг.;
- Доп (футбол, баскетбол) – 340 000 тг.;
- Гимнастикалық инвентарь – 478 200 тг.;
- Тақта - 60 000 тг.
- Барлығы **9 334 440 теңге** ақша жұмсалды.

Жоғарыда аталған заттар мектеп балансына қабылданып, қазіргі таңда оқушылардың қолданысына берілді.

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңес төрағасы Сандуғаш Нургалиевна сөз алды. Мектептегі оқу-тәрбие процесінің жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатқанына көңілі толатынын жеткізді. Қамқоршылық кеңес мүшелері бірауыздан мектеп басшысының жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша берген есебіне қанағаттанарлық деп бағалады.

Қаулы:

1. Мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары әрі қарай жалғастырылсын.
2. Мектеп жанындағы жазғы ойын алаңы жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
3. Бюджет есебінен бөлінген қаражат қанағаттанарлық деп танылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

С.Маймакова

Н.Мырзалиева

А.Қаратаев

А.Чайкин

Л.Адильшинова

Ж.Камбаров

А.Абдрахманов

Г.Карабалина

Ж.Сальжанова